

Жас ғалым
ядролық реактордың
үлгісін жасады



4-БЕТ

Экономикалық жобалар
ел әлеуетін көтереді



6-БЕТ

Ойынқұмарлық
адамдықтан алыстатады



8-БЕТ



• СӨТІ ТҮСКЕН СҰХБАТ

Асылхан ӘБДІРАЙЫМ,
«Фотоөнер» қоғамдық
бірлестігінің төрағасы:

«ҚАЗАҚ ФОТОЖУРНАЛИСТИКАСЫНА ДЕГЕН КӨЗҚАРАС ТӨМЕН»

– Асылхан аға, еңбек жолыңызды «Қазақфильмде» ассистент-оператор боп бастап, 1990–1994 жылдары «Атамекен» газеті мен «Қазақстан әйелдері», «Парасат» журналдарында фототілші болып қызмет жасағаныңызды білеміз. Биыл құрылғанына 30 жыл толғалы отырған «ЗАН» Медиа-корпорациясына қалай келдіңіз?

– 1988 жылы С. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің география факультетін жақсы бітірген соң, мені осында оқытушылық қызметке жұмысқа қалдырды. Ол кезде университетте ғылыми кеңестер болмаған соң, ғалымдар диссертация қорғау үшін 2 жылға Мәскеуге не Ленинградқа баратын. Менің Мәскеуге кететін кезім КСРО-ның ыдырауымен тұспа-тұс кеп қалды. Аумалы-төкпелі заман басталып, әркім өз күнін өзі күйттеуге мәжбүр бола бастағандықтан, мен де университеттегі қызметімді тастап, 1990 жылы мамандығымға жақындау ғой деп «Атамекен» деген жаңадан ашылған апталық экологиялық газетке фототілші болып орналастым. Басында жақсы болғанымен, министрлікке бағынышты болған соң қаржы бірде бар, бірде жоқ боп, жылға жетпей газеттің шығуы тоқтады. Сосын 1991 жылы «Қазақстан әйелдері» журналына ауысып, онда 2 жыл істеп, Қазтұтынушылар одағының журналына ауыстым. Фотосуреттерім өзім штатта болған «Парасат» журналынан бөлек, таралымы сол кездері 300 мыңға жеткен «Арай» жастарға арналған республикалық қоғамдық-саяси, әдеби-көркем журналында, жоғары оқу орындарының көптиражды газеттерінің басын біріктірген «Өркен-Горизонт» апталығына жарияланып тұрды. Алайда нарықтың өтпелі кезеңіндегі қиындықтарға сәйкес, өзге мекемелер секілді мерзімді басылымдар да өз қызметкерлеріне уақытты жалақы төлей алмайтын күйге түсті. Сондықтан 1994 жылы университетке қайта оралып, ғылыми жұмысымды ары қарай жалғастырсам деп жүргенде белгілі журналист Марат Тоқашбаев телефон соғып, «жақында «Зан» деген жаңа газет ашылайын деп жатыр. Соған бірнеше адамның кандидатығын қарастырған едік, өзіне тоқтадық. Аты заң болған соң, ол жерде жауапкершілік, ұқыптылық, білім, мәдениет және тағы басқа да ерекше қасиеттер өте қажет.

(Соңы 5-бетте)

ЗАН газеті

✉ zangazet@mail.ru

№36 (3665)
17 мамыр 2024



ZANMEDIA.KZ

Қоғамдық-саяси, құқықтық газет

• БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ТЕНДЕР ТАЛАПТАРЫ ӘДІЛЕТТІЛІК ҚАҒИДАСЫНА САЙ ЕМЕС



Бюджет қаражатын тиімді жұмсауда түйткіл көп. Соның бірі мемлекеттік органдардың тар ведомстволық мүдделерімен құрылған квазимемлекеттік кәсіпорындарға қатысты. Бүгінде бұл құрылымдар бизнестің бәсекеге қабілеттілігін төмендетіп отырған жайы бар.

(Соңы 3-бетте)

• ТАЛҚЫ

АЭС ТАҒДЫРЫН ЕЛ ШЕШЕДІ

Алматыда Иордания, Ресей, Моңғолия және Оңтүстік Корея сарапшыларының қатысуымен «Атом энергетикасы және оның ресурстық базасын дамыту» тақырыбында дөңгелек үстел өтті. Оны қазақстандық атом электр станциялары мен New Nuclear Watch Institute Қазақстан-Британ техникалық университеті бірлесіп ұйымдастырды.

«Соңғы жылдары елімізде электр энергиясын тұтыну айтарлықтай өсті және оның тапшылығы тек арта бермек. Негізгі энергия өндірудің баламалы көздерін іздеу барысында заманауи, қауіпсіз атом электр станциясын салу мүмкіндігі зерттелуде. Атом электр стансасын салу мәселесі бірнеше жылдан бері күн тәртібінен түспей келеді, біздің азаматтардың пікірін ескере отырып, ел басшылығы бұл мәселені референдумға шығаруды ұсынды. Атом электр стансасы жобасының қоршаған ортаға тигізетін әсері, тұрғындар мен қоршаған орта қауіпсіздігінің кепілдіктері туралы қазірдің өзінде еліміздің өңірлерінде қоғамдық талқылаулар өткізіп жатырмыз», – деді «Қазақстандық атом электр станциялары» ЖШС бас директоры Тимур Жантанин.

Ядролық технологиялар қауіпсіздік ғылыми-техникалық орталығының атқарушы директоры Ирина Тәжібаеваның айтуынша, Қазақстанның 4 ғылыми-зерттеу реакторын және BN-350 натрий салқындатқышы бар әлемдегі алғашқы пилоттық өнеркәсіптік жылдам нейтронды қуат реакторын ақаусыз пайдалануда үлкен тәжірибесі бар.

Қазақстан әлемде өндірілген табиғи уран көлемі бойынша бірінші, ал уранның дәлелденген қоры бойынша екінші орында. Мұнда ядролық отын компоненттерінің өзіндік өндірісі бар, изотоптар мен радиофармацевтикалық препараттар өндірісі жақсы жолға қойылған.

(Соңы 3-бетте)



